

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.08.2025

№ 491

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмалары және 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, парасаттылық пен адалдық қағидаттарын нығайту, сондай-ақ құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бағытында түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Мектепшілік сыбайлас жемқорлықтың алдын алу кеңесі құрылсын. Кеңес құрамы:

№	Аты-жөні	Лауазымы	Рөлі
1	Габитова В.С.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Кеңес төрағасы
2	Кульниязова Л.Э.	Әлеуметтік педагог	Мүшесі
3	Шакибаева А.А.	Педагог-психолог	Мүшесі
4	Маханова Б.А.	Тәлімгер	Мүшесі
5	Смағұл А.	Тәрбиеші	Мүшесі

3. Кеңес келесі бағыттарда жұмыс жүргізсін:
 - оқушылар мен ата-аналарға адалдық, әділдік, парасаттылық туралы сынып сағаттарын, кездесу, пікірталас, эссе, байқаулар ұйымдастыру;
 - «Адал ұрпақ», клубының жұмысын жандандыру;
 - мектеп қабырғасында пара беру, сыйлық жасау, міндеттемесіз демеушілікке жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
4. Тәрбиешілерге оқушылармен және ата-аналармен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Адал болу – ардың ісі» тақырыптарында іс-шаралар өткізу тапсырылсын.
5. Педагогикалық кеңестер мен ата-аналар жиналыстарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері жүйелі түрде қарастырылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Габитова В.С. бақылауға алсын.

Директор



Г. Шакенова

Таныстым:
В.Габитова
А.Шакибаева
Л.Кульниязова
Б.Маханова
А.Смағұл

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2025

№ 30

Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл жөніндегі
уәкілді тағайындау туралы

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2020 жылғы 26 тамыз күнгі № 5-3497 хаты негізінде және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру ұйымдарында парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын-алу мақсатында

Бұйырамын:

Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Габитова Венера Султанбековна сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі болып тағайындалсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Г.Шакенова

Габитова В.

Таныстым:
Габитова В.

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2025

№ 4481

Жауапты тұлға бекіту туралы

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы 4 ақпан күнгі №5-557 хаты негізінде

Бұйырамын:

2025-2026 жылдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-шаралар жоспарына жауапты тұлға директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Габитова Венера Султанбековна бекітілсін.

Осы бұйрықтың орындаулын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



Г.Шакенова

Таныстым:
Габитова В.

Бекітемін
Директор



Г.К.Шакенова

**«Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені» КММде
2025-2026 оқу жылында жүргізілетін
Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
туралы» Заңы мен 2025-2026 жылдарға арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына асыруға арналған іс-
шаралар жоспары**

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Нормативтік және құқықтық негізді бекіту	Қыркүйек	ДТІЖО
2	Сенім жәшігі мен Call-орталық мәліметтерін орналастыру	Қыркүйек	ДТІЖО
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң баптарын басшылыққа алу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО
4	Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым және түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО, тәрбиешілер
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиналыстар ұйымдастыру (қоғам өкілдерімен)	Тоқсанына 1 рет	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО
6	Заң талаптарын мектеп ұжымына және оқушыларға түсіндіру	Қазан	ДТІЖО, құқық пәнінің мұғалімі
7	«Қылмыссыз балалық шақ» («Құқықтық сана – қоғамға пана» жобасы аясында)	Тоқсан сайын	ДТІЖО, тәлімгер, психолог
8	Сынып сағаттары: құқық бұзушылық пен жемқорлықтың алдын алу	Жоспарға сәйкес	Тәрбиешілер
9	Алдын алу шаралары бойынша есеп тапсыру	мамырда қорытынды	ДТІЖО, мектеп әкімшілігі
10	Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша үшін сабақтар ұйымдасатыру	Тоқсанына 1 рет	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО, тәрбиешілер

№	Мазмұны	Өткізу формасы	Уақыты	Жауапты тұлға
1.	Алаяқтардың айналасына алданба!	Тәрбие сағаты	Қыркүйек	Бакытов Б
2.	«Сыбайлас жемқорлық деген не?»	Тәрбие сағаты	Қазан	Бимаганбетова Д (8-10 сынып колледж)
3.	«Қамқорлық адамгершіліктің биік үлгісі.»	Сынып сағат	Қараша	Мендикулова Ұ (8-10 сынып колледж)
4.	«Таза сессия» акциясы: «Жемқорлыққа жол!»	Студенттерден сауалнама алу	Желтоқсан	Смағұл А (8-10 сынып колледж)
5.	«Жаман әдет жастарға жат»	Суреттер байқауы	Қаңтар	Мамбеткулова Т
6.	«Жемқорлықсыз – қоғам сенімді жол»	Интеллектуалды ойын	Ақпан	Мустапина Г (8-10 сынып, колледж)
7.	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам»	Тәрбие сағаты	Наурыз	Ахаева Г (8-10 сынып, колледж)
8.	«Бала кезден – адалдыққа!»	Дөңгелек үстел	Сәуір	Сейтжапарова Г (8-10 сынып, колледж)
9.	Жасалған жұмыстарды қорытындылау	Жиналыс	Мамыр	Смағұл А

Директордың тәрбие ісі-жөніндегі
орынбасары _____




В.С.Габитова

Мәлімдеме

Тақырыбы: «Алаяқтардың айласына алданба!»

Мақсаты: Жастарды заманауи қоғамдағы әртүрлі алаяқтық әрекеттерден сақтандыру, олардың алдын алу жолдарын үйрету және құқықтық сауаттылықты арттыр

2025 жылдың 29 қыркүйек - күні Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешенінде жоғары сынып және колледж студенттері арасында «Алаяқтардың айласына алданба!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Кездесу барысында қазіргі таңда жиі кездесетін онлайн және офлайн алаяқтық түрлері, олардың салдары, сондай-ақ сақтану жолдары туралы кеңінен ақпарат берілді. Әсіресе whatsapp желесі арқылы байланысқа шығатын алаяқтар туралы көп мағұлымат берілді. Қазіргі таңда кеңінен етек алған онлайн алаяқтық салдарымен оған алданбаудың алғы шарттары түсіндірілді. Сонымен қатар, студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға толыққанды жауаптар беріліп, пікір алмасу болды. Аталған тәрбие сағаты білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, саналы да сақ болуға, қандай да бір күмәнді жағдай туындағанда дереу тиісті органдарға жүгінуге бағыттады.



Анықтама

Қазан айының 22 - сі күні жоғары буын оқушылары және колледж студенттері арасында - Жастарға қоғамда жемқорлықтың зиянды әсерін түсіндіру, әділдік пен адалдық құндылықтарын қалыптастыру, жастарды жемқорлыққа қарсы тұруға тәрбиелеу , қоғамда сыбайлас жемқорлықпен күресуге белсенді қатысуға ынталандыру , ұлттық құндылықтарды нығайту және азаматтық жауапкершілікті арттыру мақсатында «Жемқорлық деген не?» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді . Оқушыларға жемқорлық туралы қысқаша мағлұмат берілді . Сабақ барысында оқушыларға видео слайдтар көрсетілді өмірден алынған ситуациялық сұрақтар қойылды оқушылар мен студенттер өз ойларын айқын айта білді. Қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынды. Балалар сабаққа қызығушылықпен қатысты .

